



# Сыр бойы

7 қараша, бейсенбі 2024 жыл

№171 (20845)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



[www.facebook.com/syrboyi\\_kz/](http://www.facebook.com/syrboyi_kz/)

[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](http://www.instagram.com/syrboyi_kz)

[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)

[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

## /// ПРЕЗИДЕНТ

### ДОНАЛДЪ ТРАМПТЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттары Президентінің сайлауында айқын жеңіске жеткен Дональд Трампқа құттықтау жолдады.

Қазақстан Президенті қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, инвестиция салаларындағы екіжақты ынтымақтастық дәйекті түрде дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трампқа Америка халқының өсіп-өркендеуі жолындағы, сондай-ақ жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметіне табыс тіледі. Сонымен, АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп сайлауда жеңіске жетіп, Ақ үйге оралды. Оған берілген дауыстар саны басты қарсыласы Камала Харристен басым түсті, деп хабарлайды Kazinfo.

Сайлау қорытындысы бойынша, Д.Трамп жеңіске жету үшін қажетті 270 сайлаушының дауысынан асып түсіп, 277 дауыс жинады, — деп мәлімдеді Fox News.

Айта кетейік, Трамп алғаш рет 2016 жылы бұрынғы мемлекеттік хатшы Хиллари Клинтонды жеңіп, президенттікке сайланған болатын. Ол 2020 жылы жаһандық коронавирустық пандемия кезіндегі сайлауда Байденнен жеңіліп қалды. Бірақ екі жылға жуық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгеннен кейін биыл Ақ үйге қайта оралып отыр.

## ТҮРКІ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН БАСҚОСУ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысты. Жиында сөйлеген сөзінде ерекше қонақжайлық көрсеткен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен біртуған қырғыз халқына шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ «Ынтымақ Ордо» ғимаратында өтіп жатқан алқалы жиын Түркі мемлекеттері ұйымының 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанына назар аударды.

— Бұл — мерейлі белес. Осы сәтті пайдаланып, баршаңызға құтты болсын дегім келеді. Түркі мемлекеттері ұйымы аз ғана уақыт ішінде беделді құрылымға айналды. Оның әлемдік мәртебесі артты. Бұл — ең алдымен, берекелі бірлігіміздің, ортақ күш-жігеріміздің арқасы. Осы басқосу ырысты ынтымағымызды одан әрі нығайта түседі деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясында атқарылған шараларға тоқталды.

— Қазақстан Ұйымның іс-ба-сындағы төрағасы ретінде «TURK-TIME!» ұранын көтерді. Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудардық. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бірқатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркеніетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылданды. Оның ережесі бекітілуге дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікі-

рінше, ұйым аясында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы байланыстар да беки түскен.

— Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жалғастырып келеді. Мұны түркі интеграция-сын тереңдетуге бағытталған қалам деп бағалаймын. Бүгінгі саммитке қырғыз бауырларымыз «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» тақырыбын ұсынып отыр. Бұл ұсыныс бәріміздің мүддемізге сай келеді. Соңғы 10 жылда ұйым мүшелері арасындағы экономикалық байланыстар нығая түсті. Биыл өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асты. Осы көрсеткішті әлі де ұлғайтуға болады. Оған мүмкіндігіміз жетеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше елдер арасындағы саудасаттықты жандандыру өте маңызды деп санайды.

— Түркі әлемін экономикалық тұрғыдан одан әрі өркендету үшін Орта дөліздің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Оның стратегиялық мәні бар. Сондықтан тасымалдау жолдарына қатысты бірлескен келісім жасау қажет. Мұндай қадам тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Ұйымға мүше мемлекеттер бұл бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін, — деді Президент.

2-бет

## /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

### САЯБАҚТАР МЕН ПАРКТЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Bi GROUP» LTD компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Облыс орталығында құны 10 млрд 900 млн тенге болатын «Шығармашылық инновациялық орталығы» салынууда. Орталықта балаларды спорттық сауықтырудан бөлек, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану, гуманитарлық бағытта қызмет көрсетіледі.

Оған қоса футбол, баскетбол, волейбол, воркаут алаңдары, бассейні, соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамен жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Нысанды «Bi Global» ЖШС салуда. Бас жобалаушы — «Техникалігі бақилан», техникалық қадағалаушы — «Алатау Сапа

Құрылыс» серіктестіктері, 2026 жылы пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар, алдағы жылы қаладағы 4 демалыс орнын қайта жаңғырту жоспарлануда. Атап айтқанда, Б.Шөкенов атындағы саябақты абаттандырудың, қалалық мәдени және демалыс паркін қайта жаңғыртудың сараптама қорытындысы шықты. Саябақты абаттандыру жұмыстары 23 410 шаршы метр аумақты қамтиды, 5 айда аяқтау жоспарланған. Ал демалыс паркіне ғимараттар мен аттракциондар, бетонды скейтпарк салынбақ.

2-бет

## /// ТІЛЕКТЕСТІК

### ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРІЛДІ

Сыр еліне қатысты тағы бір жағымды жаңалық жетті. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Омаровқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Ол — мемлекеттік қызметте жүргеніне қарамастан, шығармашылықтан қол үзбей, журналистік жұмыстары мен ғылыми зерттеулерін үзбей жалғастырып келе жатқан қаламгер.

Жерлесіміз әрі белсенді авторымыз Бауыржан Жұмаханұлын жаңа жетістігімен құттықтаймыз!

«Сыр бойы» газетінің ұжымы

## /// САПАР

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАН АЖЫРАМАУ ҚАЖЕТ ҚР Президентінің кеңесшісі Сыр елінде болды



ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауынан туындайтын тапсырмалар бойынша Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келді.

Алдымен «Достық үйінде» дін өкілдерімен кездесті. Жиында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов облыста діни ахуал тұрақты әрі бақылауда екенін жеткізіп, бұл бағыттағы атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Одан әрі ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев сөз алып, Мемлекет басшысының ыстық ықыласын жеткізіп, ауыл-аймақты

аралап, халықпен кездескенін айтты. Сыр еліне арнайы келген сапарының мақсатына тоқталып өтті.

— Президент Жолдауында және Ұлттық құрылтайда еліміз үшін маңызды мәселелер қозғалды. Онда ұлттың келбетін айқындайтын негізгі құндылықтар жеке-жеке сараланды. Олар — Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік және жауапкершілік,

зақ және тәртіп, еңбеккорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жанашылдық. Мемлекет басшысы еліміздегі әрбір азамат басты құндылықтарды берік ұстануы тиіс екенін нық айтты.

Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымында да терең мән жатыр. Бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндеседі. Әрбір азамат адалдық жолын ұстанса, шешілмейтін түйін жоқ. Мәселен, кешегі су тасқыны кезінде «құмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, дін қызметкерлері гуманитарлық көмек көрсетті. Мұның өзін үлкен қолдау болды. Сондықтан сіздерге алғыс білдіремін, — деді Мәлік Нұржанұлы.

Кездесу соңында облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев сөз алып, тағылымы мол кездесу жоғары деңгейде өткенін жеткізді.

— Бүгінгі келелі кездесудің маңызы зор болды. Президент көтеріп жүрген адалдық, әділдік принциптері жайлы кеңінен талқыланды. Халық арасында осы қағидалар тұрсында имамдар да жиі қозғауы керектігі айтылды.

Біздің діни ахуал тұрақты. Оған себеп бірнеше фактор бар. Соның бірі — облыс әкімінің қолдауы. Облыста 236 дін қызметкері болса, оның 200-і әртүрлі әлеуметтік жобалар аясында тұрақты жаалақыммен қамтамасыз етіліп отыр. Бұдан бөлек жылына екі адам Нұр-Мүбәрәк университетіне облыс әкімінің гранты арқылы оқуға түседі. Биыл осы университетті бітірген 8 маман жұмысқа орналасты.

2-бет

## /// ЕРТЕҢ – СТАТИСТИКА КҮНІ

### САНДАРДЫ СӨЙЛЕТКЕН САЛА

Статистика мемлекет үшін ғана емес, қоғам үшін де маңызды. Кез келген аймақтық, ұлттық және әлемдік деңгейдегі статистиканың саяси және бизнеске қатысты шешім қабылдауда, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын белгілеуде рөл зор.

Бұл — қоғамдағы құбылыстарды, процестерді сандық және сапалық жағынан танып-білуге мүмкіндік беретін, қай жерде және қай уақытта болғанын зерттейтін қоғамдық ғылымның бір саласы.

Қоғамдық ғылым ретінде біртінде пайда болды. Оның даму тарихы XVII ғасыр аяғында Англияда басталған. Негізін қалаған ағылшын ғалымы Джон Граунд және Вильям Петти «Саяси арифметика» атты еңбек жазған.

Ал елімізде бұл саланың құрылғанына ғасырдан асты. 1920 жылы 8 қарашада

Қазақ КСР-де статистика қызметі құрылып, бүгінде 104 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде Қазақстанның статистикалық жүйесі халықаралық стандарттарға сай дамып келеді. Халықаралық ұйымдардың жан-жақты жүргізген бағалауының арқасында еліміздің статистикалық көрсеткіштері жоғары сапасымен және БҰҰ статистикасының іргелі қағидаларына сәйкестігімен танылды.

Адам өмірінің әр белесін қағазға түсіріп, қоғамның әр құбылысын санмен өрнектеген статистика мамандарының жұмысы оңай

емес. Бүгінде Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департаментінде 88 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Олар барлық саладан деректерді сұрастырып, зерделеп, статистикасын шығарады.

Сандарды сөйлестік, 9 айдың қорытындысы бойынша аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталған. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімі 2, өңдеу өнеркәсібі 28, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,8, негізгі капиталға салынған инвестиция 25,1, құрылыс жұмыстары көлемі 43,6 пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 4,6 және сауда көлемі 6 пайызға артқан.

2-бет



Фото: Алаш әркеуі.

# ТҮРКІ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН БАСҚОСУ

Мемлекет басшысы қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл бағытта Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарып келеді. Сонымен қатар тараптардың Орталық банктер кеңесін құру туралы бастаманы бірауыздан құптағанын жеткізді. Президент адам капиталын дамытуды аса маңызды міндет ретінде атады.

– Түркі өркениетін жаңғырту үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану керек. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым-білім саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейткен жөн. Бұл туралы Саммитте елдерімізде беделді университеттеріміздің бөлімшесін ашу туралы ұсыныс айтылды. Соның нәтижесінде Қазақстанда Түркияның Гази университетінің филиалы ашылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы бүгін қол қойылатын «Цифрлық экономикадағы әріптестік

туралы» келісімді Түркі мемлекеттері ұйымы мүшелері үшін мәні зор құжат деп бағалады. Сондай-ақ түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыру мақсатында кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында саммит аясында жасалатын келісімдер түркі мемлекеттерінің әлеуетін арттыратынына сенім білдіріп, ұйымға төрағалық ететін Қырғыз еліне табыс тіледі. Саммитте Қырғызстан Президенті

Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Эрдоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Сондай-ақ Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.



## «ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 25 ЖЫЛ» ДАҒҒЫЛЫ КЕҢЕЙТИЛУДЕ

Аймақ басшысының қолдауымен қаладағы басты жолдар мен көшелердің аясы кеңейіп жатыр. Соның бірі – «Тәуелсіздікке – 25 жыл» дағғылы. Қайта жаңғырту жұмыстары тамыз айының аяғында басталды.

Ұзындығы 6 711 метр жол екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстырылуда. Жұмысты атқарушы – «УАД» ЖШС.

## КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында топтасқан бұзақылықтың және қоғамдық орындардағы қылмыстың, ұрлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы аудандық полиция бөлімінің басшысы Н.Әлтай хабарлама жасады.

## ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет кезектілік тәртібімен азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі тұрлық жұмысқа орналасу, тұрғын үй кезегі, жол салу, жарық орнату, қызметтік үйді жекешелендіру мәселелерін көтерді. Мамандар келушілердің ұсыныс-пікірлері мен сауалдарының заң аясында шешілу жолдарын айтып, кейбір сұрақтар бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.

## НАШАҚОРЛЫҚ ПЕН ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің төрағалығымен «Есірткі қылмыстарының алдын алу» тақырыбында кеңейтілген мәжіліс өтті.

Күн тәртібінде қылмыстың алдын алу мақсатында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің бірлескен іс-шаралары нақтыланды.

Аудан басшысы Бас прокуратураның бастамасымен облыс көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Нашақорлық жол жоқ» жобасы аясында бірқатар нәтижелі жұмыстарды атап өтті.

## ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАНАШЫРЛАРЫНА ҚҰРМЕТ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентіндегі қоғамдық қызметте жүрген азаматтармен кездесті.

Кездесу барысында ауданның 85 жылдық мерейтойына арналған төсбелгі және Алғыс хаттар табысталды.

Туған жердің гүлденуіне зор үлес қосып жүрген жаңадарға алдымен аймақ басшысының алғысын жеткізген аудан әкімі еселі еңбек әркез қолдауға лайықты екенін айтты.

## «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудандағы «Руханият орталығының» құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, мердігер мекеме өкілімен сөйлесті.

Айта кетейік, жалпы құны 1,5 млрд теңгені құрайтын орталық құрылысын «Техноасна-Ремсервис» ЖШС атқарауда. Мұнда 50 адам, 3 техника жұмылдырылған. Қазіргі кезде ішкі жұмыстары жүргізіліп жатыр.

## ТҮРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Аудан әкімі Айтбай Жанарбеков «Жөлек» ауылдық округі «Жуантөбе» елді мекеніне баратын аумақтағы бөгет салу жұмыстарымен танысты.

Су тасқынына қауіпті аймақ саналатын «Жөлек-Жуантөбе» тас жолының оң жақ беті, Сырдария өзені жағалауының бойында бөгет салынды. Оны салуға «Шопан ата» шаруа қожалығы демеушілік жасады. Бөгеттің ұзындығы 700 метр, ені 6 метр, биіктігі 4 метрді құрайды.

## КӨМІР ҚОРЫ БАҚЫЛАУДА

Аудан әкімі Мажит Самитов жылу маусымында көмір тапшылығын болдырмау үшін көмір қоймасында болып, жағдаймен танысты.

Жылу маусымында тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі мен «BEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында меморандум жасалған. Ауданға қажетті қатты отын көлемі шамамен 19300 тоннаны құрайды. Қазіргі уақытта 16746 тонна көмір тасымалданған.

Дайындаған: Айнуяр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

## САЯБАҚТАР МЕН ПАРКТЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ



Тұңғыш Президент саябағын қайта жаңғыртудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш маңындағы сабақты абаттандыруға байланысты сарптама қорытындысы күтілуде.

Аталған 4 жобаның жоба-сметалық құжаттамасы «Vi Group» холдингінің демеушілігімен дайындалуда.

Айта кетейік, соңғы екі жылда мемлекет қолдауының арқасында аймақта құрылыс қарқыны айрықша. Өткен жылдың қорытындысына зер салсақ, құрылыс жұмыстарының көлемі 183,4 млрд теңгеге жетті. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында, қаржыландырудың барлық көзінен 869 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның

баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады.

Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

## «МЕН СЕНИМЕН КЕЗДЕСТІМ»

Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Руханият жылы» аясында композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Төлеген Мұхамеджанов пен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан және Татарстан Республикасының Халық артисі Нуржамал Үсенбаеваның «Мен сенімен кездестім» атты шығармашылық кеші өтті.



Шығармашылық кешті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қала және аудандардан келген өнерүйер қауым тамашалады.

Концертті Мүсілім Әмзениң, Кеулімжай Ботабаевтың дирижерлігімен облыстық симфония оркестрі сүйемелдеп, Төлеген Мұхамеджановтың «Астана» симфониялық картинасы орындалды. Н.Үсенбаева жеке дауыста және Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің аралас хорымен бірге шетел композиторларының опереталарынан ариялар, халық әндерін шырқады. Концертте композитордың қазақ ән өнерінің қорына қосқан бай қазынасы – «Қимай сені барамын», «Іңкәрім-ай», «Мен деп ойла», «Аяулым», «Құс жолы», тағы басқа әндері тыңдаушылар назарына ұсынылды. Сөзім сырын, махаббат мұңын, ғашықтар үнін жеткізген әндер үшін кеш иелеріне көрермен сәметі ерекше болды.

ігі іс атқарылуда. Көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Көрермендерге концерттерді кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін 50 өнерпаздан жасақталған симфония оркестрі құрылды.

Өткен жылы еліміздің барша аналарының құрметіне Алаштың анасы – Сырдың төрінде «Анаға тағзым» орталығы ашылып, жас отбасылардың бақыт мекеніне айналған «Отбасы орталығы» өз қызметін белсенді жүргізуде.

Соңғы 2 жылда мәдениет саласында жанадан 6 ұжым, атап айтқанда, симфония оркестрі, инклюзив театры, жастар театры, «Анаға тағзым» орталығы, заманауи би және хор ұжымы құрылған.

Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдері көптен күткен «Жыраулар үйі» ашылып, жұмысын бастады.

Қызылорда қаласының сол жағалауынан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимараты салына бастады. Барлық ауданда неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктіретін «Руханият» орталықтарының құрылысы

ішіне өсімдік шаруашылығы 104,4%, мал шаруашылығы 102,5%. Сауда көлемі 593,1 млрд теңге болды, өсімі 6 пайыз.

Қызылорда облысының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Армения) өзара сауда көлемі 172,1 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылғы қантар-тамызға қарағанда 2,8 есе өсті. Көпшілікті күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы төлғандырады. Азық-түлік тауарлары бағасы 3,7, азық-түлік емес тауарлар 5,3, ал ақылы қызметтер 12,4 пайызға жоғарылаған. Жыл басынан



Концертте аймақ басшысының ықылас гүлі табысталды. Айта кетейік, биыл Қызылорда облысында «Руханият жылы» жарияланып, өнер мен мәдениет саласында көптеген қарқын алды. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүр насихатталады.

Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүр насихатталады.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

## САНДАРДЫ СӨЙЛЕТКЕН САЛА

Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департамент басшысының орынбасары Гүлмира Иманбаеваның айтуынша, өнеркәсіп саласында айтарлықтай өсім байқалады.

– Осы жылдың қантар-қыркүйегінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 807,1 млрд теңгені құраған өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім бар. Жыл басынан облысқа 423,9 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,1%-ға артық. Құрылыс жұмыстарының көлемі 173,8

млрд теңгені құрады. Облыста 2934 тұрғын ғимарат, оның ішінде 2802 жеке және 128 көпөтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Олардың жалпы ауданы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ға өсіп, 646 мыңнан астам шаршы метрді құрады, соның ішінде көпөтерлі тұрғын үйлердің жалпы ауданы 61,3%-ға өсті. Ал пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы ауданы 1,1% азайды, – делі ол.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 147,5 млрд теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,8 пайызға жоғары болды. Соның

картотп 37,4, теңіз өнімдері 9,8, сары май, алкогольсіз сусындар 6,4, сүт өнімдері 5,8 және макарон өнімдері 5,4 пайызға көтерілген. Ал қарақұмбық жармасы 32,9 пайызға төмендеген. Зергерлік бұйымдардың да қымбаттағанын көрінеді. Аяқ киім, жиһаз, үйге қажетті бұйымдар, автокөлік және фармацевтикалық өнімдер бағасы өскен. Стоматология, нотариус, сақтандыру, тұрғын үйді жалға алу, мейрамханалар мен қонақүй қызметтерінің бағасында да өсім бар.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

## /// ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Халық жазушысы, қазақ әдебиетінің абызы, қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай жер-жерде іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұған дейін жазушының туған жеріндегі Беларан төбедің рухына бағышталып, ас берілді. Алматы қаласында халықаралық деңгейде конференция ұйымдастырылып, тұрған үйіне тақта ілінді. Әбдіжәміл Керімұлының 100 жылдығына арналған іс-шаралар ертең, яғни 8 қараша күні Аралда жалғасын табады. «Әлем таныған Әбе» атты іс-шаралардың салтанаты ашылу рәсімі, қазақ күресінен республикалық турнир және халықаралық суретшілер симпозиумы өтеді. Сондай-ақ Арал қаласында Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына арналған республикалық ғылыми-танымдық конференция, академик Б.Қарбаев пен тұркітанушы-ғалым С.Қосановтың 60 жылдығына арналған «Мерей мәртебесі мәңгілік» атты кездесу кеші ұйымдастырылғалы отыр.

Әлемнің  
Әбдіжәмілі

**Бүгінгі әңгіме 100 жасқа толып отырған осынау толағай жазушының жұртқа түсініксіз бір қыры туралы**

Құрметті оқырман қауым! Естеріңізде болса, осыдан небәрі елу-алпыс-ақ жыл бұрын біздің сөз өнеріне, кітапқа деген көзқарасымыз мүлдем бөлек еді ғой! Қолымыздан кітап түспейтін. Том-том романдарды түгімен жұтатынбыз. Қоғамда кітап культі болатын. Соны білген жазушылар да жалпақ-жалпақ кітаптар жазды. Жамбыл, Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов, Мұстафиндер әдебиеттің алтын ғасырын бастады. Осы дүрмекке ілесіп, ол кезде жас жазушы Әбдіжәміл де «Қан мен терді» жазды. 1961 жыл. Кітап көрсі судай сіміретін мектеп баласымыз. Қырғын қызық «Қан мен терді» қуалап жүріп оқыдық. Өйткені біздің жан жүрегімізді романның бірінші бетінен бастап-ақ, Ақбала мен Еламанның бейбақ тағдыры жаулап алды. «Қан мен терден» кейін біз, Ақбала мен Еламанды ұмыта алмадық. Осы бейбақтардың тағдыр-талайын білген үстіне біле түсіміз келді.

«Қан мен тер» кейіпкерлері Ақбала мен Еламан, Судыр Ахмет, Сүйке карт, Тәңірберген, Қалендер санаға басқан мөрлей жатталып қалды. Сонда бұ не? Бұ не сикыр? Сөйтсек, бізді арбаған бұл сыр кітаптың авторы Әбекен Алла берген суреткерлік сикыр екен. Бізді арбаған сол екен. Содан арадан зымырап жылдар өтті.

Жырмасыншы ғасыр аяқталуға жақындады. Көз алдымызда заман кенет күрт өзгерді. Кешегі әдебиет алыптарының ойы тұрмақ түсіне кірмеген заман басталды. Бұрын жұрттың қолынан кітап түспейтін болса, енді жұрттың қолынан телефон түспейтін болды. Бір жақсысы, кешегі классиктер бұ сұмдықты көрмей кетті. Көрсек құсалықпен өтер еді. Бірақ біз байқап қарасақ, сол алыптардың көзіндеі болып, кешегі күнге дейін арамызда бір ірі түлға бізбен бірге жүрді. Ол кім десеміз! Ол анау-мынау емес – Әбдіжәміл Нұрпейісов! Бүгінгілерге мүлдем ұқсамайды. Бәріне кешегінін көзімен қарады. Қарайды да күнренеді. Күнренбей қайтсын! Қайда қараса да, көзіне айфон ұстап отырғандар түседі, кітап ұстап отырғандар емес. Содан ал кеп жыны қозады. Өздерінің телефондарын тартып алып, табанға сап езіп-езіп тастар ма еді! Бірақ көпке топырақ шаша алмайсың.

Бір күні қараса айфон деген пәле қонжып өз қолында отыр! Ал құтылып көр! Жұртты жаппай жаулаған бұ кәпірдің сыры не десе, қысқалық пен нұсқалық екен. Қысқалық, нұсқалық! «Оу, оу, бұл сонау жылдары «Климан-джаро қарлары» жазған жазушының стилі емес пе?! «Қан мен терді» жазғанда өзі де осы стиль жағында болды емес пе?! Ендеше, мына жұрт неге «Қан мен терді» емес, «Сонғы парызды» емес, айфонды оқыды?! Сонда... апыр-ау, сонда не болғаны? Осы сұрақ жанын отқа да салды, суға да салды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды.

Ақыры, бұл «Қан мен терді» қайта қолға алды. Енді өз романына өзі, мына қырқылың заманның көзімен қарады. Содан... содан не болды дейсіз ғой?! Содан... бір бітпейтін қырғын жұмыс басталды да кетті. Романның май басқан беттерін сылып ала бастады. Шираға бастады. Бұл жұмысқа қамшының сабындай қысқа құмырдың жететін түрі жоқ. Содан ал кеп Алланың құлағын шулататын «ұзақ өмір беріш» деп. Қанзесі кең Күдай есітті, жазушының зарын.



Бұл роман әлемнің 35 тіліне аударылды. Содан қазақтың Нұрпейісові, әлемнің Әбдіжәміліне айналды. СССР атты алып империя оған «Қан мен тер» үшін өзінің ең жоғары Мемлекеттік сыйлығын берді. Мына қысқа сөзімізде біз әлемнің 35 тілінде сөйлеген бұл роман туралы жазылған пікірлерді санап шыға алмаймыз.

«Жұмысыңды аяқта!» деп сұраған ұзақ ұғмыры берді. «Қан мен терді» жөндеу анау-мынау емес ширек ғасырға созылды. Тек 95-ке таяғанда ғана Әбе нүкте қойды романы. Бүгін сол нұсқа, жана нұсқа, сіздердің қолыңызда, ағайын! Токсан сегізге келіп өмірден өткен толағайдың оқырманға жасаған тартуы, осы болды.

Суреткердің тоқсан беске келгенше толассыз жөндеген атышулы романын ерекше күткен оқырманың бірі, біз едік. Жаңа нұсқаны бас салып, бас алмай оқуға кірістік.

Ақбала, Еламанның отауына кірдік. Төрте шалжып қонақ мырза Тәңірберген отыр. Қыз күнінде арман болған мырза жігітке аяқ ұшымен қызмет етіп Ақбала жүр. Осы кезде есіктен Еламан кіреді. Қолында керек құлаш бальғы, мұртына мұз қатқан шомбал кара жігіт. Үй інесі еліп етіп берген сөлемін алмайды. Ерні ғана жыбыр етеді. Дастарқан басында үшеуінің де жүйкесін жеген тонторыс хал орнайды.

— Ал... бала! Қалай екен?  
— Мәледес, Әбе! Әбе рақаттана күлді.

— Жарайды, Алматыға барғасын сөйлесіп!  
— Шал Алматыға келді. Біз былай делді: «Кейбір сценалар, әсіресе Еламанның қолын байлап, кеше бұның шаңырағын бұзған Тәңірберген сұмның алдына алып келетін жері бар емес пе және сол үйде Тәңірберген сұм мен тұтқын Еламан және Ақбала үшеуінің жүздесетін жері бар емес пе?! Күрсын, адам баласының басына бермесің, бұндайды! Бұл – Шекспирлер шарлаған шарықтау ғой... Вышний пилотаж!»

Содан кейін, финалда Ақбалаға жасаған қиянаты үшін асып-тасқан Тәңірбергеннің басына Алла Тағала түсірген зауал бар емес пе?! Бұл жерде де, астапыррала, жағанды ұстайсың... Адам баласы көретін қасірет дегеннің де шегі болмайды екен-ау деп! Бұлайша шарықтау әлем әдебиетінде саусақпен

санарлықтай ғана суреткердің қолынан келген! Әйгілі француз Луи Арагон, сондықтан да:

«В некотором роде роман «Сумерки» напоминает колодец с горькой водой. Таких увлекательных и глубоких книг, как роман «Сумерки» Нурпейисова, в последнее время было мало. «Сумерки» можно сравнить с самыми большими произведениями современной литературы, будь то американская, французская или же другая» деген.

Содан бұл роман әлемнің 35 тіліне аударылды. Содан қазақтың Нұрпейісові, әлемнің Әбдіжәміліне айналды. СССР атты алып империя оған «Қан мен тер» үшін өзінің ең жоғары Мемлекеттік сыйлығын берді. Мына қысқа сөзімізде біз әлемнің 35 тілінде сөйлеген бұл роман туралы жазылған пікірлерді санап шыға алмаймыз. Ол жайлы Герольд Бельгер:

«Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Америка, Қытай, Ресей каламгерлерінің пікірлері бір жерде тоғысады. Әбдіжәміл Нұрпейісов ірі суреткер, мэтр, әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс!» деп қорықты.

Сөйтіп, Компартия қазақ жазушысын төбесіне көтерді. Енді одан коммунизм құрылыстары туралы роман жазуды күтті, яғни партияға алғыс күтті. «Жазып жатырмын», – деді Әбекен. – Коммунизм құрып жатқан балықшылар туралы екітомдық роман жазып жатырмын», – деді. Компартия мез болды. Екітомдық алғыс естимін деп ойласа керек. «Сонғы парыз» шықты. Бұл Компартияға айтылған екітомдық алғыс емес, екітомдық қарғыс болып шықты. Компартия Әбекеннің төбесіне әнгіртак ойнатпақ боп дүрсе қоя берді. Бірақ өзі омақаса құлады. Сол құлағаннан мол құлады, тұрмады. Әбекен партияның жұрттың қарғысы жөніне тастады. Әбекен мен Компартия киікшілік осылай аяқталды.

Әбдіжәміл Нұрпейісов қазақ үшін ұлы жазушысы ғана емес, ол сондай-ақ халқы үшін отқа да, суға да түсе білген Жалаңтөс баһадүр еді. Еске алайық, – кешегі 1986 жылғы желтоқсанда қазақ деген халық бар екенін, оның ұлттық намысы бар екенін ұмытқан Горбачев Қазақстанды басқаруға қайдағы бір Қолбиді жіберді. Алматыда Кремль күтпеген көтеріліс бүркі етті. Горбачев пен Қолбин қазақ жастарын қанға бөктірді. Бұл бүкіл қазақтың ашу-ызасын туылдырды. Кремль күллі қазықты ұлтшыл деп кара есекке теріс мінгізді. Осы қиянатқа қарсы 1989 жылдың 17 қаңтарында Мәскеуде өткен Бүкілқақтық жазушылар пленумында, Әбекеннің ашы айқайы шықты. Қайсар жазушы сонда Қазақстанды басқарып отырған Қолбинге «временщик» деген кісі өлтірерлік баға берді. Сырттан келген «временщик» басшылардың Қазақстанға жазаған қиянаттарын тізіп шықты. Әбекеннің осы айқайынан кейін 4 ай өтпей, Қолбин қызметінен алынды.

Токсаныншы жылдары Кеңес Одағы атты империя күніреніп құларда, алдымен, аузын Қазақстанға салды. «Известия» газетінде ұлыдеждавашыл Солженицин 1990 жылы «Как нам обустроить Россию» атты мақала жариялады. Қазақстанды «подброуше Россия» деп, орыс жері деп солтүстігімізге ауыз салды. Басқа «батырларымыз» бұғып қалғанда, Қазақстанды қорғап айқай салып, Әбекен шықты. Дәл сол «Известия» бетінде «Чужая и своя боль» атты мақала жариялап ұлыдеждавашыл Солженицинге сылқита соққы берді. Қурескер жазушы 1897 жылғы санакта славяндар үлесі Солтүстік Қазақстанда 17 пайыз болғанын көлденең тартып, Солженицинді төлтегін теріс айналдырып жіберді. Сөйтіп, Бүкілқақтық қырғын айтыста қазақ жерін қорғап қалды.

Бірақ алып жазушысының алақаны қышып, сабағысы келіп жүрген адамы ол емес еді. Сабағысы келіп жүрген адамы анау-мынау емес, Кремльдің қожайыны Горбачев еді. Сол көктен тілегінің Құдай Тағала жерден берді. Қанғалақтап жүріп, Горбачев Алматыға келе қалды. Бұл 1991 жылдың 28 мамыры еді. Республика активін жинап, Горбачев Оперя төрінде отырды. Әбекен трибунаға шығып, «Глубокоуважаемый Михаил Сергеевич!» деп сөз бастады. Горбачев бұдан бір жылы сөз күткендей жымияп бұрылды. Бірақ қазақ жазушысы салғаннан сойыл сілтеді. Сол сойылдан Генсектің түсі бұзылып, бұға берді, қолындағы көлдей «Правданың» тасасына тығыла берді. Қолға түскен Генсекті Әбекен, сөйтіп, армансыз сілкітті. 70 жыл ұдайы қызыл режимнен көрген қазақ қиянатын топтап, салмақтап әкеліп, Бас хатшының төбесіне бір-ақ дүрс еткізді.

Халқын қорғап қан майданға түскен жазушының біз тек бірер қимылын ғана айтып отырмыз. Ал ол өмір бойы қашаумен өткен «Қан мен тер» халқы үшін әлем алдында төккен қан мен тері еді. Өзі өлердей жақсы көретін ел мен жеріне орнатқан ескерткіші еді. Өмір бойы шұқшып ақ қалақ бетінде қашаған монумент еді, мәңгілік.

Смағұл ЕЛУБАЙ,  
Қазақстанның халық жазушысы.  
«Қазақ әдебиеті» газеті,  
25 қазан 2024 жыл

## /// МЕРЕЙ



Қазіргі әдебиет, ғылым дейтін ортада аты қатар алатын дарынды азаматтардың бірі филология ғылымдарының кандидаты, ақын Серікбай Қосанов екені анық.

ИНЕМЕН  
ҚҰДЫҚ  
ҚАЗҒАН АҚЫН

Қазақтың әдебиетіне, мәдениеті және тарихына қатысты көне жадгерлерді тіркінектеп жинап, індетте зерттеудің рухани маңызы зор және аса қиын. Бұл бір-екі айда көтере салатын құрылыс, не болмаса нәтижесі жарқырып тұратын мерзімдік еңбек емес. Бұл – жылдардың жұмысы, кейде ғалымның не істеп жүргенін қарапайым жұрт мүлде аңдай алмайды. Қазақтың «инемен құдық қазғандай» дейтіні осы ғалымдарға қарата айтылса керек.

Адамға тән азығы қалай қажет болса, жан азығы да сондай қажет. Адам ас ішпесе әлсірейді, жан да дәл солай зардан шығады. Ғалымдар адамның жан азығын дикандары, Серікбай сол «диқаншылыққа» жас күнінен кіріскен адам, тіпті бұл қасиетті оның топырағынан сіңген, қанынан дарыған десек те болады. Жүре келе толу бар, туа бітті болу бар, Серікбай – туа бітті талант.

Сәкен 1964 жылы Арал ауданының Авань балықшылар ауылында дүниеге келген. 1981 жылы орта мектепті бітірген соң түйеші болып еңбек бастаған. Сол кездері еңбектен ұштасқан оқу деген үрдіс бар еді. Мектептен бірден жоғары оқуға түсу қиын болатын.

Сөйтіп, бір жыл түйе баққан бала Алматыға аттанып, малдәрігерлік зоотехникалық институттың зооинженерлік факультетіне түседі. Арман мал шаруашылығын зерттеп, ғалым болу еді. Бірақ, бала күнінен батырлар жырын жаппай, өлең-жырмен өскен жас Әбекеннен-ақ мамандық тандаудан жаңылғанын сезді. Қолында мал шаруашылығы кітабы, көкөйінде өлең тұрды.

Сөйтіп, жұрт түсе алмай жүрген оқуды тастап, әскерге кетті де, 1986 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне оқуға түсіп, 1991 жылы университетті қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілі мамандығы бойынша аяқтап шықты. Оның қазақ ғылымы мен білім саласындағы өмір жолы осылай басталды.

1998 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданды. Институттағы жұмысы ғылыми зерттеулерге бойлап, ұлттық әдебиет пен мұраларды зерттеуге бағытталады. Болашақтағы шығармашылық және ғылыми жетістіктерінің бастауына осы киеді орын жол ашты. Жиналған тәжірибесі қазақ әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің жанрлық табиғатын ашуға ынталандырды. Базар жырау шығармаларын зерттеуді қолға алды. Не іс бастаса, соның ақырына жететін еңбекшіл, қайсар болмысты жас ғалым 2005 жылы «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Осы кездерде «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты іргелі зерттеу жобасына белсенді атсалысты. Институттың қолжазбалар қорына қазақ жатып жұмыс атқарды. Келе-келе абайтану мәселелеріне ауысты. Ескі шағатай жазуымен, латын қарпімен, қадіммен хатқа түскен қолжазбаларды қазақшалды. Өлгі «инемен құдық қазу» осы кезеңдердің еншісі болды.

2003-2010 жылдары Қазақстанның рухани мұрасын жаңғыртуға дағы маңызды жобалардың бірі – «Бабалар сөзі» атты жұзтомдық сериясын дайындауға елеулі үлес қосып, сериялы еңбектің 25-63 томдарына жауапты редактор болды. Осылайша, халқымыздың бай фольклоры мен ауыз әдебиетінің

жинактап, ғылыми айналымға енгізуге мол үлес қосты. Сәкен 2017-2020 жылдар аралығында облыс басшысының шақыруымен Қызылордаға келіп, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығында қызмет атқарды. Тарих пен мәдени мұраларды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясындағы жобаларды жүзеге асыруға жетекшілік етті.

Екеуміз осы кездері жақын таныстық. Бұрын атына қанықпын. Ғалымдығы бір бөлек, мен үшін ақындығы бір төбе. Сырттай болса да ақын есебінде жақсы білемін. Дегенмен, Серікбай маған өзін жоғары ұстайтын, әңгімесі тек ғылымға құрылып, бізге түсініксіздеу бір азамат сияқты елестейтін.

Олай емес, тіпті мені жоғары қойып, өлеңдерімнен мысал келтіріп, өзін елеусіз қалдырды. Бірақ, оның болмысында бір ерекше нәтиже жасырынды тұрды. Ғалымның аты ғалым, қарапайым сөзінен-ақ терендігін сезбей қалу мүмкін емес.

Менің сөз этимологиясына барып, тұрақты тіркестерінің айтылу қатесін шығарып, түзетін жұрегінің бар. Бұл жөнінен осы маңдағы бірінші өзім едім. Ал Серікбаймен араласқалы бұл тақырыпта да аз білетінімді аңғарды. Енді бұрынғыдай ортаға шығып сөйлемей, шетте тұрып Серікбайды тыңдайтын болдым.

Сәкен фольклордан бастап салт-дәстүр, әдебиет, колөнер, тіпті музыка мәні де жақсы біледі. Біліп қана қоймай, жана қызметінде халқымыздың осындай рухани байлығын қайтадан жаңғыртуға ерекше назар аударды.

Оның бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген мәдени іс-шаралар мен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Аймақтағы мәдени нысандарды қайта қалпына келтіру, этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру және жергілікті халықтың рухани мұрасын сақтау бағытындағы бастамаларды өмірге әкелді.

Қысқасы, облыстың рухани жаңғыру мәселесіне мейлінше пайдасын тігізді. Алайда, осы орталық жабылып, оның жұмысы мәдениет саласына қосылған соң Сәкен қайтанды өзіннің ғылыми жұмысымен айналысу үшін Алматыға кетті.

Серікбай Қосановты халықтың рухани қазынасын көзіңіз қарашығындай сақтап, оны насихаттау жолындағы ерінбей еңбектенетін ұлтжандылығы үшін де елі-жұрт құрмет тұтады. Ол осы құрметке өлден лайық.

Оңашада бәйіт жазып зарланам,  
Бәзбіреулер босқын десе арланам.  
Қолдан келер қайраным жоқ, қайтейін,  
Аралым жоқ,  
арманым көп арбаған,  
– деп жырлаған ақын Серікбай туған жерінің жоқшысы, туған халқының перзенті екенін ел алдындағы адал еңбегімен дәлелдеп келді.

Ал оның инемен құдық қазған ғалымдығы мен ақындығы ұрпақтың мыңжылдық рухани мұрасы болып қалатыны анық.

\*\*\*  
Ертең Аралда академик Б.Қарбаев пен тұркітанушы ғалым С.Қосановтың 60 жылдығына арналған «Мерей мәртебесі маңгілік» атты кездесу кеші өтеді. Ел алдындағы еңселерін биіктей берсін, қазақ руханиятының қос тарланы!

Дүйсенбек АЯШҮЛЫ,  
«Сыр бойы»

